

Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын бөлшектеп сату үшін тұрақты үй-жай белгілеу және Қарағанды қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 25 шілдедегі N 32/03 қаулысын жою туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 27 қыркүйектегі N 42/53 қаулысы. Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қарашада N 8-1-141 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 22 қаңтардағы N 03/03 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласы әкімдігінің 22.01.2013 N 03/03 қаулысымен.**

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 14 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын сатуды ретке келтіру мақсатында Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын бөлшектеп сату үшін тұрақты үй-жай ретінде Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі 18 мекенжайында орналасқан "Зебра" секс-шоп дүкені  
а н ы қ т а л с ы н .

2. Қарағанды қаласы әкімдігінің "Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын бөлшектеп сату үшін тұрақты үй-жай белгілеу туралы" 2011 жылғы 25 шілдедегі N 32/03 қаулысы жойылсын.

**Ескерту. Қарағанды қаласы әкімдігінің 25.07.2011 N 32/03 қаулысы РҚАО-ға т ү с к е н ж о қ .**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары И.Ю. Любарскаяға жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Б. Әбдішев*